



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

8019 жжжж

15.04

Зеренді ауданы

№ 64

село Зеренди

2018 - 2019 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 1 ақпандағы №53 бұйрығына сәйкес, 2018-2019 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жалпы білім беретін оқу орындарының білім алушыларын аралық және қорытынды аттестаттаудан өткізу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Оқу жылын аяқтаудың мынадай мерзімдері белгіленсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында оқу сабақтарының аяқталуы - 2019 жылғы 25 мамыр;

2) 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары - 2019 жылғы 27 мамыр - 6 маусым, мемлекеттік бітіру емтихандары - 2019 жылғы 28 мамыр - 30 маусым аралығында.

2. 9 (10) сыныптардың білім алушылары қорытынды аттестаттауды мынадай мерзімдерде тапсырады:

1) тапдау бойынша пәннен (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шетел тілі (ағылшын, француз, неміс), информатика) ауызша емтихан - 2019 жылғы 27 мамыр;

2) орыс, өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде қазақ тілінен ауызша емтихан және қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен ауызша емтихан - 2019 жылғы 30 мамыр;

3) ана тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан (оқыту тілі бойынша) (гуманитарлық циклдегі пәндерді тереңдетіп оқытатын мектептердің білім алушылары үшін - шығарма, қалған білім алушылар үшін - диктант) - 2019 жылғы 3 маусым;

4) математикадан жазбаша емтихан - 2019 жылғы 6 маусым.